

Құстардың инфекциялық ауруларын алдын-алу және жою бойынша Ветеринариялық ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 63 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 17 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 3448. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына сәйкес,

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н

:

1. Қоса берілгендер бекітілсін:

1) алынып тасталды ;

2) құс аспергиллез ауруының алдын-алу және жою бойынша ветеринарлық ережелерді .

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2006 жылғы 25 қаңтардағы N 45 бұйрығымен .

2. Ветеринария департаменті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстардың және Астана, Алматы қалаларының аумақтық басқармаларымен бірге, заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес, осы бұйрықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылық министрінің
2005 жылғы 24 қаңтардағы
N 63 бұйрығымен бекітілген

Құс аспергиллез ауруының алдын-алу және жою бойынша Ветеринарлық ережесі

Құс аспергиллез ауруының алдын-алу және жою бойынша шараларды жүргізудің ветеринариялық ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан

Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 26 бабына сәйкес, жеке және заңды тұлғалардың ветеринарлық шараларды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ереже

1. Аспергиллез - құс ауруының кең тараған түрі, көбіне жас балапандарда кездеседі, патогенді саңырауқұлақтар тудырады, кеңсірік қуысының ауа қапшығын, өкпені, кей-кейде басқа мүшелерді зақымдайды.

2. Қоздырғышы - *Aspergillus* түріне жататын саңырауқұлақтар (басымды түрде *Aspergillus Fumigatus*).

3. Аспергиллезге диагноз аурудың клиникалық белгілеріне, патоморфологиялық өзгерістеріне және эпизоотологиялық мәліметтерді есепке ала отыра жүргізілетін микологиялық зерттеу нәтижелері негізінде қойылады.

4. Аспергиллезге диагноз қою үшін жаңа өлген құстың патологиялық материалын тығыз ыдысқа салып пергаментті қағазбен оралған түрде шаруа қожалығынан жіберіліп лабораторияда зерттеледі. Сонымен қатар құс азығы, төсеніші, және қажет болған жағдайда инфекция көзін анықтау мақсатында қабырға қырындысы мен инкубациялау жабдықтары зерттеледі.

2. Құс аспергиллезінің Ветеринариялы-санитарлы таза аймақтарда өткізілетін алдын-алу шаралары

5. Шаруа қожалығындағы құс аспергиллезі ауруының алдын алу үшін ұйымдасқан-шаруашылықты және ветеринарлы-санитарлы ережелер мен осы ереженің құс шаруашылығына арналған талаптары қарастырылған шаралар жиынтығын қатаң түрде орындалуы міндетті.

6. Біріншіден қамтамасыз етеді:

1) құстарды ұтымды тамақтандыру бойынша толық қажетті азықпен тамақтандыру ;

2) фермаларға келетін азықтар және құс ұясының, төсеніштердің, ораулы материалдың тазалығына және жұмыртқа ыдыстарының санитарлы сапасына мұқият бақылау жасау ;

3) саңырауқұлақтардың әр түрімен жаппай тұқымданбау үшін азықтар мен азық қосымшаларын сақтау ережелерін орындау;

4) кезең аралық алдын алу үзілістерін сақтау, бұл кезде құс ұяларына, инкубаторияға, қоймаға, тазалық заттарына, жабдықтарға, ыдыстар мен тасымалдау заттарына мұқият түрде механикалық тазарту мен дезинфекция жүргізіледі ;

5) инкубациялық жұмыртқаларды жүйелі түрде дезинфекциялау;

11. Өз қорасындағы ауру құс сойылып және утильдеуге жібереді.
12. Күрделі эпизоотиялық жағдайда мал дәрігер маманы мен құс шаруашылық субъектісінің басшысының көзқарасымен құсты тезірек союға жібереді.
13. Аралас инфекцияларды (аспергиллезден басқа ауруларды) ауру сипатымен диагнозын есепке ала отыра кезінде шектеу қойылады.
14. Шаруашылық субъектінде барлық зақымдалған аймақтарда кешенді санация жүргізіледі, және де бір мезгілде балапандардың тыныс жолының емдеу-сақтандыру санациясы мен ауа, жұмыртқа, ыдыстар, тасымалдау заттары, мүліктер, арнайы киімдер (халат, медициналық маска, резеңке қолғап, резеңке етік, резеңке алжапқыш) дезинфекциясы өткізіледі.
15. Мекемені тазалау іші мен сыртына бір мезгілде жүргізіледі, ең алдымен жуу бөлімін механикалық тазалау, сосын инкубатория мен құс ұясы, сою цехы, қойма мен басқа да өндірістік бөлімдер, ішкі жабдықтар, сосын-мекеменің сыртқы бөлімі және оған жалғасатын жолдың қатты беткейі, вентиляциялық аймақ ең аз мерзім ішінде (1-3 күн) дезинфекцияланады, сондықтан да шаруашылық субъектісінің санитарлық тәртібін қамтамасыз ету шараларын күшейтеді.
16. Шаруашылық субъектісінен құс аспергиллезі ауруы бойынша шектеуді алып тастау құс ұясынан ауру құсты соңғы рет алып тастап қорытынды тазалау мен дезинфекция жүргізілгеннен кейін 3 ай ағымында өтеді.